

**Қайрат Ғабитханұлы^{1*}, Қыздархан Құрмашқызы Рысберген²,
Гаухар Жансапқызы Бүркітбаева³**

^{1*} автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0000-0003-4434-2291 E-mail: kayrat.g@mail.ru

²филология ғылымдарының докторы, профессор,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0000-0002-4205-9655 E-mail: ms.rysbergen@mail.ru

³филология ғылымдарының кандидаты,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0001-5131-2563 E-mail: gjbi@mail.ru

**ТӨРТ, ОН, ҚЫРЫҚ САНДАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ
ЕЖЕЛГІ ХАЛЫҚТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ**

Аңдатпа. Мақалада түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының дүниетанымындағы киелі «төрт», «он», «қырық» сандарының тілдегі, фразеологиядағы, салт-дәстүрдегі, мифологиялық және тарихи санасында сақталған көріністері кешенді түрде талданады. Бұл сандардың бастапқыда тек сандық мәнді ғана емес, кеңістік пен уақыт тұтастығын, көптік пен толықтықты, кемелдік пен шексіздікті білдіретін мәдени-семантикалық код ретінде қалыптасқаны тілдік және тарихи деректер негізінде дәлелденеді. Зерттеу барысында «төрт» санының дүниенің төрт бағытына негізделген көне кеңістік моделін, «он» санының саусақпен санауға байланысты ең жоғарғы мөлшер ретінде орныққанын, ал «қырық» санының осы екі ұғымның синтезі ретінде көптік пен киеліліктің көрсеткішіне айналғаны айқындалады. Мақалада фразеологиялық бірліктер, мақал-мәтелдер, этнонимдер, топонимдер, тарихи жазба ескерткіштер, ауыз әдебиеті үлгілері мен этнографиялық деректер кеңінен тартылып, киелі сандардың халықтың дүниетанымы мен әлеуметтік тәжірибесінің тілдегі көрінісі екені көрсетіледі. Сонымен қатар «қырық» санының киелілік мәнінің қалыптасуы төрттік кеңістік таным мен ондық санау жүйесінің тоғысуынан туындағаны туралы жаңа тұжырым ұсынылады. Зерттеу нәтижелері киелі сандардың тек сандық категория емес, этномәдени ақпаратты сақтаушы, ұлттық дүниетанымды бейнелейтін когнитивтік-мәдени құбылыс екенін айқындайды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – «төрт», «он», «қырық» сандарының семантикалық эволюциясын өзара байланыста қарастырып, «қырық» санының көптік әрі киелілік мәнінің шығу тегін төрттік кеңістік моделі мен ондық санау жүйесі арқылы түсіндіруінде. Алынған нәтижелер қазақ тіл біліміндегі лингвомәдениеттану, этнолингвистика және «Қазақ тілінің ұлттық корпусын» мазмұндық тұрғыдан толықтыру бағытында маңызды дереккөз бола алады.

Тірек сөздер: түркі халықтары; көне түркілер; киелі сандар; төрт; он; қырық; салт-дәстүрлер

Қаржыландыру көзі: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН BR24993133 «Қазақ тілін лингвосинергетикалық, лингвоэкологиялық, лингводидактикалық аспектіде зерттеу және оның оқу мәтіні лингвистикалық негіздерін әзірлеудегі қызметі» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Ғабитханұлы Қ., Рысберген Қ.Қ., Бүркітбаева Г.Ж. Төрт, он, қырық сандарына байланысты ежелгі халықтық дүниетаным және оның тілдегі көрінісі. *Tiltanym*, 2026. №1 (101). 35-45-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-35-45>

**Қайрат Ғабитханұлы^{1*}, Қыздархан Құрмашқызы Рысберген²,
Гаухар Жансапқызы Бүркітбай³**

^{1*} автор-корреспондент, кандидат филологических наук, доцент,
Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0000-0003-4434-2291 E-mail: kayrat.g@mail.ru

²доктор филологических наук, профессор,
Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0000-0002-4205-9655 E-mail: ms.rysbergen@mail.ru

³кандидат филологических наук, профессор,
Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0001-5131-2563 E-mail: gjbi@mail.ru

ЯЗЫКОВОЕ ОТРАЖЕНИЕ ЧИСЕЛ ЧЕТЫРЕ, ДЕСЯТЬ, СОРОК В ДРЕВНЕМ НАРОДНОМ МИРОВОЗЗРЕНИИ

Аннотация. В статье комплексно анализируются отражения сакральных чисел «четыре», «десять», «сорок» в мировоззрении тюркских народов, в том числе казахского народа, в языке, фразеологии, традициях, мифологических представлениях и историческом сознании. На основе лингвистических и исторических данных доказывается, что данные числительные изначально выступали не только как количественные показатели, но и как культурно-семантические коды, выражающие целостность пространства и времени, множественность, полноту, совершенство и бесконечность. В ходе исследования установлено, что число «четыре» отражает древнюю пространственную модель мира, основанную на четырёх сторонах света; число «десять» закрепилось как высшая мера счёта, связанная с пальцевой системой исчисления; а число «сорок» сформировалось как показатель множественности и сакральности в результате синтеза этих двух представлений. В работе широко используются фразеологические единицы, пословицы и поговорки, этнонимы, топонимы, письменные исторические источники, образцы устного народного творчества и этнографические материалы, что позволяет рассматривать сакральные числа как языковое отражение мировоззрения и социального опыта народа. Одновременно предлагается новая интерпретация происхождения сакральной семантики числа «сорок», выводящая её из взаимодействия четырёхчастной пространственной модели и десятичной системы счёта. Результаты исследования показывают, что сакральные числа представляют собой не только количественную категорию, но и когнитивно-культурный феномен, аккумулирующий этнокультурную информацию и национальное мировоззрение. Научная новизна работы заключается в рассмотрении семантической эволюции чисел «четыре», «десять» и «сорок» во взаимосвязи и в обосновании происхождения множественного и сакрального значения числа «сорок» через призму четырёхчастной пространственной модели и десятичной системы исчисления. Полученные результаты могут быть использованы в исследованиях по лингвокультурологии, этнолингвистике, а также при содержательном расширении Национального корпуса казахского языка.

Ключевые слова: тюркские народы; древние тюрки; сакральные числа; четыре; десять; сорок; обычаи и традиции

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта программно-целевого финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан ИРН BR24993133 «Исследование казахского языка в лингвосинергетическом, лингвоэкологическом, лингводидактическом аспектах и его функция в разработке лингвистических основ учебного текста».

Для цитирования: Габитханулы К., Рысберген К.К., Буркитбаева Г.Ж. Языковое отражение чисел четыре, десять, сорок в древнем народном мировоззрении. *Tiltanym*, 2026. №1 (101). С. 35-45. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-35-45>

Kairat Gabitkhanuly^{1*}, Kyzdarkhan Rysbergen², Gaukhar Burkitbayeva³

^{1*}Corresponding Author, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor,
Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0003-4434-2291 E-mail: kayrat.g@mail.ru

²Doctor of Philological Sciences, Professor, Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics,
Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-4205-9655 E-mail: ms.rysbergen@mail.ru

³Candidate of Philological Sciences, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and
World Languages, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-5131-2563 E-mail: gjbi@mail.ru

LINGUISTIC REPRESENTATION OF THE NUMBERS FOUR, TEN AND FORTY IN THE ANCIENT FOLK WORLDVIEW

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the representations of the sacred numbers “four,” “ten,” and “forty” in the worldview of Turkic peoples, particularly the Kazakh people, as reflected in language, phraseology, traditions, mythological concepts, and historical consciousness. Based on linguistic and historical evidence, the study demonstrates that these numerals originally functioned not merely as quantitative indicators but as cultural-semantic codes expressing the integrity of space and time, multiplicity, completeness, perfection, and infinity. The research shows that the number “four” embodies an ancient spatial model of the world structured around the four cardinal directions; the number “ten” became established as the upper limit of counting associated with the finger-based system of enumeration; and the number “forty” emerged as a marker of multiplicity and sacrality through the synthesis of these two conceptual frameworks. The study makes extensive use of phraseological units, proverbs and sayings, ethnonyms, toponyms, written historical sources, samples of oral folk literature, and ethnographic materials, which makes it possible to consider sacred numbers as a linguistic reflection of the worldview and social experience of the people. In addition, a new interpretation of the origin of the sacred semantics of the number “forty” is proposed, linking it to the interaction between the fourfold spatial model and the decimal counting system. The findings indicate that sacred numbers constitute not merely a numerical category but a cognitive-cultural phenomenon that preserves ethnocultural information and reflects the national worldview. The scientific

novelty of the study lies in examining the semantic evolution of the numbers “four,” “ten,” and “forty” in their interrelation and in substantiating the origin of the multiplicative and sacred meanings of “forty” through the prism of the four-part spatial model and the decimal system of enumeration. The results may be applied in research on linguoculturology and ethnolinguistics, as well as in enriching the content of the National Corpus of the Kazakh Language.

Keywords: Turkic peoples; ancient Turks; sacred numbers; four; ten; forty; customs and traditions

Source of financing: The article was prepared within the framework of the program-targeted funding project of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan IRN BR24993133 “Studying the Kazakh language in linguosynergetic, linguoecological, linguodidactic aspects and its function in developing the linguistic foundations of educational text”.

For citation: Gabitkhanuly, K., Rysbergen, K., Burkitbayeva, G. Linguistic Representation of the Numbers Four, Ten and Forty in the Ancient Folk Worldview. *Tiltanyim*, 2026. No.1 (101). Pp. 35-45. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-35-45>

Кіріспе

Қазақ тілінде «үш», «төрт», «жеті», «тоғыз», «он», «он екі», «қырық» сан есімдері әдеттегі сандық, реттік қолданыстармен қатар, өзге сан есімдерден бөлек мәндік реңк беретіндігімен ерекшеленеді. Мұндай жағдай, әсіресе, осы сандардың тілдік бірліктердегі қолданысынан, салт-дәстүрлер мен аңыз-әңгімелерден, жыр-дастандардан, дүниетанымға байланысты басқа да ұғымдардан көрініс тапқан. Сонымен бірге бұл құбылыстардың кейбірінің тарихы сонау ғұндар, көне түркілер заманынан бастау алғанын байқаймыз.

Тілдегі бұл құбылыстар туралы академик І. Кеңесбаев былай деп жазады: «Түрік халықтарында «жеті» саны айырықша орын теуіп, идеологияның бір саласы – тілге терең тамырын жіберген, көп халықтарда «жетінің» арнаулы «киелі» қасиеті болған... «үш», «тоғыз», «қырық» сандары да «жеті» тәрізді тілде «киелі функцияда» қолданылған» (Кеңесбаев, 1946: 14). Сандарға киелілік ұғым телу дүниедегі көптеген халықтарға тән қасиет. Қазақ тілінде этнос өмірінің дереккөзі саналатын, материалдық және рухани мәдениетті сипаттайтын құбылыстар белгілі бір сандарға қатысты болып келеді, мысалы: *жеті ата, жеті қазына, жеті жұт, Жетіқарақшы, төрт құбыла, төрт тұрман, тоғыз сый, тоғыз айып, үш жұрт, он оқ, он сан, қырқынан шығару, қырқын беру* т.б. Сол сияқты дүниетаным, салт-дәстүрлер мен тілдік құбылыстар өзіндік қалыптасу тарихы мен әлеуметтік-мәдени мәні бар құндылықтар саналады.

Пифагор (б.э.д. 580-500 жылдар шамасы) – ертеде өмір сүрген, математика мен философияны жетік меңгеріп, өзіндік мектебін қалыптастырған Грекияның әйгілі ғалымы. Ол математикалық заңдылықтар мен философиялық қағидалар арасында тығыз байланыс бар деп есептеп, «сан – бүкіл дүниенің негізі» деген тұжырым жасаған және шәкірттерімен бірге сандарға әртүрлі «қасиеттерді» теліген. Мысалы, олар: 1 – ақыл, 2 – пікір, 3 – ерлік, 4 – әділеттік, 5 – неке (үйлену), 6 – жетілгендік, яғни сұлулық, 7 – денсаулық, 8 – өлімнің немесе құрып бітудің ишараты, 9 – тұрақтылықтың белгісі, 10 – дүние жүйесінің негізі, 13 – қырсық, 36 – бүкіл әлем, 666 – хайуан т.б. деген пікірлер айтқан. Мысалы, 7-ні не үшін денсаулықпен байланыстырғанын түсіндіргенде, олар адамның басында жеті «терезе» – екі көз, екі құлақ, екі танау және ауыз бар, денсаулық осы жеті қуысқа байланысты деген. Сол сияқты 18, 27, 36, 45 т.с.с. сандар 9-ға бөлінеді, бұлардың цифрларының қосындысы үнемі 9-ға тең болып келеді: $1+8=9$, $2+7=9$, $3+6=9$, $4+5=9$ т.с.с. Сондықтан тоғыз тұрақтылықты билейді деген (Ысқақов, 1965).

Адамдардың сандар туралы осындай танымдары көптеген ырымдар мен тыйымдардың, салт-дәстүрлердің қалыптасуына негіз болған. Мысалы, қытайларда «сегіз» саны жағымды сан болып есептеледі, себебі оның дыбысталуы «баю» деген мағына беретін «фа» сөзіне жуық естіледі. Құрамында «8» саны бар кез келген нөмірлер қытайлар үшін ұнамды. Керісінше, «төрт» және «жеті» сандары жағымсыз сан саналады. «Төрт» саны дыбысталуы жағынан «сы», яғни «өлім» деген сөзге ұқсайды. Сол себепті қытайлар «4» санына қатысты үйдің қабаты мен нөмірін, көлік, телефон т.б. нөмірлерді алудан қашады. «Жеті» саны да өліммен байланысты: қытайларда адам қайтыс болған соң «жетісін», «үш жетісін», «жеті жетісін» беру дәстүрі бар. Осыған ұқсас, еврейлер 13 санын «М» таңбасымен белгілеген. Ескі еврей тілінде «М» таңбасы «мем» (өлім) дегенді білдірген. Сол себепті Еуропаның көптеген елдерінде көшеде № 13 үйді, кино залдарынан 13-қатарды немесе 13-орынды таба алмайсыз т.б. Мұның бәрі сөздің адамға

әсер ететініне, сөз магиясына сенуден қалыптасқан.

Қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетін сипаттайтын, дүниетанымы мен тілінде ерекше қолданысқа ие «үш», «төрт», «жеті», «тоғыз», «он», «он екі», «қырық» сандары туралы бұған дейін талай зерттеулер жазылған. Ол зерттеулер көбінесе сипаттау сипатында болып, «неге?» деген сұраққа толық жауап берілмеген. Тіліміздегі көптеген тұрақты тіркестерге ұйытқы болып тұратын, сонымен бірге салт-дәстүрлерімізде мызғымастай орын тепкен «қырықтың» киелілік мәнінің қалыптасу тарихы «төрт» және «он» сандары туралы дүниетаныммен байланысты. Және бұл тек түркі халықтарына ғана тән құбылыс.

Материал және әдістер

Зерттеуге С. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» (2007), академик Ә.Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты үш томдық еңбегі (Қайдар, 2013: 8), «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» (1-5 т., 2017), «Жуңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер» (ЖТҚҚД, 1-том, 1998), Ш.Б. Сейітованың «Қазақ этнонимдерінің тарихи-лингвомәдени жүйесі» (2019), қазақ мақал-мәтелдері мен салт-дәстүр жайлы еңбектер, интернет ресурстары пайдаланылды. Мақалада зерттеу материалын іріктеу, тақырыптық топтастыру, жүйелеу, талдау, сипаттау, тарихи-этимологиялық талдау, салғастыру тәрізді дәстүрлі әдіс-тәсілдер қолданылды. Бұл әдістер тілдік бірліктердің этномәдени семантикасындағы жасырын мағынаны, кодты ашуға көмектеседі.

Әдебиетке шолу

Зерттеу жұмысында отандық және шетелдік ғалымдардың осы бағытта жүргізген зерттеу еңбектеріне талдау жасалды. Мысалы, басқа сандық ұғымдарға қарағанда алтай тілдері жүйесінде «төрт» саны туралы жалпылама ұғым өте ертеден қалыптасқаны байқалады. Бұл туралы белгілі түркітанушы ғалым М. Томанов: «Тіліміздегі сан, санақ мөлшері жайлы ұғымдарды білдіретін сөздер бірнеше түрлі және олардың құрамы жағынан да әртүрлі. Сөз таптарының ішінде бір-бірінен алшақ, бір-біріне сай түспей жататыны да осы сан есімдер. Рамстедт алтай тілдеріне ортақ сан есім деп тек қана «төрт» сөзін көрсетеді», – дейді (Томанов, 1988: 200).

Түркі, моңғол, манжур тілдеріндегі деректер «төрт» санының алтай тілді халықтарға ортақ екенін көрсетеді. Түркі халықтарында төрт, дөрт, дөрд, диөрт т.б. түрлерде кездесе, көне моңғол тілінде дөр, көне манжур тілінде дүр түрінде айтылады (额尔敦巴根, 2021). Алтай тілдері жүйесіндегі халықтарда «төрт» сөзінің дыбысталуы жағынан ұқсас болуы, кең таралуы оның бір кезде ортақ танымнан туған, өте көне сөз екендігін дәлелдейді. Мұндай деректерді біз тілдік бірліктердегі жалпылама қолданыстардан ғана емес, ауыз әдебиеті үлгілерінен, көне жазба мұралардан да байқаймыз.

Мысалы, IX-X ғасырларда хатқа түсіріліп, кейін XIII-XIV ғасырларда көне ұйғыр жазуына көшірілген «Оғызнама» дастанында: «Тоғыз оғыз бектері, халқы, бұл сөзімді мұқият тында, терен ұқ: ілгері – күн шығыста, оң жақта – күн ортасында (оңтүстік), кейін – күн батысында, сол жақта – түн ортасында (солтүстік), оның ішіндегі халықтың бәрі маған қарайды, халықты осынша көп еттім» десе, VII-VIII ғасырлардағы көне түркі жазбаларында: «Биікте көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-тегім Бумын қаған, Істеми қаған отырған. Отырып түркі халқының ел-жұртын қалыптастырған, иелік еткен. Төрт бұрыштың бәрі дұшпан екен, сарбаздарымен аттанып, төрт бұрыштағы халықты көп алған, бәрін бейбіт еткен, бастыны еңкейткен, тізеліні бүктірген», «... және бұдан соң Оғұз қаған төрт тарапқа жарлық жүргізді», «жердің төрт бұрышының қағаны болсам керекті» деген жолдар кездеседі (Қыраубаева, 1991: 6-71).

Әрине, түркі халықтарының «дүние төрт бұрыш» деген түсінігі бұдан әлдеқайда ертерек қалыптасқаны қытай деректерінде де көрініс тапқан. «Тарихнаманың» ғұндар туралы тарауында: «Ғұндар өз қосындарын төрт түрлі түстегі атқа мінгізіп, төрт бағытта қарсы жақты қоршауға алады: шығыстан – көк аттылар, батыстан – ақ боз аттылар, оңтүстіктен – торы аттылар, солтүстіктен – қара аттылар жауына шабуыл жасайды екен», – деп жазылған (ЖТҚҚД, 1998: 83). Бұдан шығыс – көк түс, оңтүстік – қызыл түс, батыс – ақ түс, солтүстік – қара түс деген, күн айналымына негізделген төрттік бағдар ұғымымен бірге әр бағыттың символдық рең-түсі де

болғанын байқаймыз. Көк түс шығысты, қызыл түс оңтүстікті, ақ түс батысты, қара түс солтүстікті білдірген.

Біздіңше, бұл күн тәңіріне табынған ғұндардың «күн тәңірімен бірге болсақ, жолымыз болады, жауды жеңеміз» деген сенімімен байланысты. Себебі шығыстан көк аспан астынан күн шығады, оңтүстікке келгенде қызарады, батыста ағарып батады, солтүстікте қараңғылық түседі. Яғни күн қозғалысына байланысты әр бағытта аспанның рең-түсі де өзгеріп отырады.

Сонау ежелгі ғұндардан бастап көне түркілер заманында қалыптасқан «дүние төрт бұрыш» деген таныммен бірге әр бағыттың рең-түс символикасы қазақ тілінде де айқын көрініс тапқан. «Тарихшылардың айтуына қарағанда, Көк Орда о баста Қазақстанның шығыс аймағы – Алакөл мен Ертіс бойларында болып, кейін Сырдария жағасындағы Сығанақ қаласына ауысады, ал Ақ Орда Көк Орданың батысында, яғни Жайықтың арғы бетіндегі Сарай қаласының маңында болады. Сөйтіп, өз кезінде Ақ Орда – кейін Алтын Орда – Жошы ұлысының оң қанатындағы хан әулетінің батыс орталығы, ал Көк Орда осы ұлыстың сол қанатындағы шығыс орталығы болып есептелінеді. Бұл арада ақ түстің «батыс», көк түстің «шығыс» мағынасындағы геосимволикалық қызметі айқын көрініп отыр» (Султанов, 1972: 71-74). Ал «Алтын Орда» (сары түс) – екеуінің ортасында тұрған бас орда болғаны бұл тұжырымды растай түседі.

Рең-түстердің геосимволикасы қазақтың ру-тайпа атауларында да жақсы сақталған. Қазақты құраған ірі рулардың бірі Қаңлы шежіресінде қаңлылар – қара қаңлы, сары қаңлы, ақ қаңлы, қызыл қаңлы деп төртке бөлінеді. Бұл олардың сыртқы түр-түсіне байланысты емес, бір орталыққа қатысты батыс, шығыс, оңтүстік, солтүстік аймақтарды мекен етуіне байланысты қалыптасқан (Қайдаров, 1992: 112-113). Сол сияқты Үйсін, Найман, Керей т.б. рулар да өз ішінде ақ, қара, қызыл, сары болып бөлінеді. Мысалы, Үйсін руы Ақ Үйсін, Қара Үйсін, Сары Үйсін болып жіктеледі. Төрелер шежіресінде төрелер «Арқар» ұранды болып төрт туға бөлінеді: Саняз – ақ тулы, Абылай – жасыл тулы, Әбілпейіз – қызыл тулы, Жолбарыс хан – шұбар тулы. Керей руын төрт би-төре билеген. Қазақтың киіз үйінің шаңырағы қақ ортасында қосу белгісі (+) тәрізді бір-бірімен айқасып тұрады. Бұл төрткүл дүниені төрт бөлікке теңдей бөлген көне түркі ұғымына сәйкес келеді. Ортағасырлық авторлар әл-Кашканди мен әл-Мухиббидің мәліметтеріне қарағанда, Жошы Ұлысында ең жоғарғы мемлекеттік басқару аппаратының басты органы «төрт бас әмірлер кеңесі» болған (Тизенгаузен, 1884: 1, 347).

Халықтық дүниетанымда да төртке қатысты ұғымдар өте көп. Мысалы, бүкіл әлем от, су, жел, жер – осы төрт негізден жаралған деп түсінген, сондай-ақ бұл төрт элементті төрт түлік малдың табиғи бастауымен байланыстырған: жылқы – желден, қой – оттан, түйе – жерден (сортан), сиыр – судан жаралған дейді. Төрт құбыла – шығыс, оңтүстік, батыс, солтүстік; төрт маусым – көктем, жаз, күз, қыс; төрт тоқсан – көк тоқсан, шілде тоқсан, жел тоқсан, ақ тоқсан; жұлдыздарды топтап «төрт жұлдыз» дейді – топырақ жұлдызы, от жұлдызы, жел жұлдызы, су жұлдызы т.б.

Нәтижелер және талқылау

Ежелгі ата-бабалар ұғымында «төрт», ең алдымен, нақты 4 санын емес, жазықтықтағы күншығыс, күнбатыс, оңтүстік, солтүстік төрт бағытпен бірге дүниенің шексіз төрт бұрышын, айналаны, төңіректі, тұрақтылықты, тұтастықты, кемелділікті, толықтықты, көптікті білдірген. Яғни бағзы замандарда төрт саны сан атаулының ең үлкені, киелісі болған. Тілімізде «төрт» сөзі ұйытқы болып келетін тілдік бірліктерден соны аңғаруға болады.

«Төрт» саны ұйытқы болып келетін фразеологиялық бірліктер: *төңіректің төрт бұрышы* – жер жүзі; *дүниенің төрт бұрышынан* – барлық жерден; *төрткүл дүние* – жер жүзі, бар әлем; *төрт арыстың баласы* – бүкіл ел, күллі халық; *төрт қанаты түгел* – ештеңеден кем емес, бәрі бар; *төрт көз түгел* – бәрі бас қосқан; *төрт құбыласы түгел* – бәріне қолы жеткен, кемел, кемдігі жоқ; *төрт жолдың торабы* – көп жолдың түйіскен жері; *екі көзі төрт болу* – зарығу, күту; *төрт жақ болу* – берекесіз, ынтымақсыз болу; *төрт көзбен күту* – асыға күту (жан-жағына көз салу); *төрт түлігі сай* – ештеңеден кем емес, бәрі бар; *түн ұйқысын төрт бөлу* – түнде көп рет ояну, ұйықтамау; *төрт тұрманы түгел сай* – керек-жарағы түгел сай т.б.

IX-X ғасырларда хатқа түскен, көне түркілердің мифтік сюжеттегі шығармасы – «Оғызнамада»: Оғыз қаған туылып, «қырық күннен соң үлкен болды, жүрді, ойнады», қаған

әйелі ұл босанып, халқына үлкен той жасайды; тойға арнап *қырық орындық, қырық стол* жасайды; жорық кезінде *қырық күннен* соң Мұздай деген таудың түбіне келді; оң жағына *қырық құлаш* ағаш бағана орнатты; «... *қырық күн, қырық түн ішті*, қуанышқа бөленді» деген жолдар кездеседі (Қыраубаева, 1991: 68-76). «Қорқыт ата кітабында» *қырық жігіт, қырық қыз, қырық күн, қырық жора, қырық зұлым, қырық күн тойлау, қырық шатыр* тәрізді тіркестер ұшырасады.

Қазақ салт-дәстүрлері мен ырымдарында қырықпен байланысты көптеген ғұрыптар бар. Соның бірі – жаңа туған нәрестені *қырқынан шығару*. Халқымыз бала туғаннан кейінгі қырық күнді қауіп-қатерлі кезең деп сенген. Осы уақыт аралығында балаға көз тимеу үшін көпшілік ортаға шығармаған. Қарын шашын қырқынан шығарған соң алған. Қырық жерден су әкеліп (қырық ожау не қырық қасық) баланы жуындырған. Бала шомылған легеннің түбіне қырық құмалақ тас, сақина, жүзік сияқты заттар салған. Баланың мойны қатсын деп ырымдап, қалжаға сойылған малдың мойын сүйегін мұжып болған соң, бүтін күйінде қырық күнге дейін керегенің басына іліп қойған. Туған кезде кигізілген ит жейдесін нәрестенің қырқы өткен соң шешіп алған т.б.

Ертеде жазалаудың ең ауыр түрі – қырық қамшы дүре соғу болған. Қырық жасты адам өміріндегі бір белең, қауіпті кез деп те түсіндіреді. Дәстүрлі қазақ дүниетанымында «адам жаны қырық күннен соң шығады» деген ұғым бар. Қазақ жерлеу дәстүрінде 40 күнге дейін шырақ жағып қою, қырық күннен соң қырқын беру ғұрпы бар. Көз тиген баланы қырық ожау немесе қырық қасық суға шомылдырады. Адамның сүйегі сынған, мертліккенде қырық үйден мертлік асын жинап әкеліп береді. Суық тиіп ауырған адамды қырық ағаштың жапырағын қайнатып бұлауға салған. Нағашы мен жиен арасында *қырық серкеш* деген кәде болады. *Қызға қырық үйден тыйым* (қыз бала тәрбиесіне көңіл бөлу керек, қыздың жолы жіңішке деген мағынада) дейді. *Ана – қырық шырақты* (ана қамқор, бәріне төзеді деген мағынада). *Әйелдің қырық жаны бар* (әйел адамның мойнына артылған жүк ауыр деген мағынада). *Қырық жыл жарлылық, қырық жыл байлық жоқ* (адам бірде бай, бірде кедей болады, дүние мәңгілік емес деген мағынада). *Қырық жылда қыр жаңа* (белгілі ұзақ уақыттан соң дүние өзгереді деген мағынада) дейді. Бұлардың бәрінде 40 нақты санды білдірмейді, көптік, әрі киелі мағынада жұмсалады.

«Қырық» саны ұйытқы болып келетін фразеологиялық бірліктер: *қырық құрау* – тозығы жеткен, ескі жамау-жасқау, біртектес емес; *қырық жамау* – тозығы жеткен, ескі бұйым, көңілі күпті, ренішті; *қырық қабаттанып отыру* – қырсыстанып, құрыстанып отыру; *қырықтың бірі* – *қыдыр* – көптің бірі – қасиетті, құт әкелетін жан; *қырық қазанның құлағын тістеді* – қыдырымпаз, әр жерде жүруші; *қырық жыл жатқан қылыштың қынабындай* – құны жоқ, пайдасыз; *қырық құбылды* – сөзінде тұрмады, сан алуан күйге түсті; *қырық тесік* – сау тамтығы жоқ, әбден тозған; *қырық кемпірдің қылауынан жиылған қырық ру* – әртүрлі, ала-құла; *қырық пышақ қылды* – біреуді біреуге айдап салды, араздастырды; *қырық пышақ болды* – жанжалдасты, қырқысты; *қырық саққа жүгіртті* – сан түрлі құбылтты; *қырық жілік болғыр* – қарғыс мәніндегі тіркес; *қырық жапырақ* – көп бөлік, сан тарам; *қырық сідік* – әкесі белгісіз, некесіз туған бала; *қырықтың қылауынан* – көп асылдың сынығы, ерекше; *қырық қалта* – қу, айлакер адам; *қырық иттің құйрығын түйістірген қу* – аса айлакер адам; *Тазшаның қырық өтірігі* – сансыз өтіріктің бірі; *қырық күн шілде* – жаздың ең ыстық кезеңі; *қысқа күнде қырық өлді* – қайта-қайта қорлық көрді; *қырық ру* – көп рудан құралған құрама; *қысқа күнде қырық жерге қойма қойды* – қайта-қайта бәле тудырды, айла жасады т.б. фразеологиялық тіркестерде «қырық» нақты санды емес, көптік әрі киелі мағынаны білдіреді.

Тілімізде «қырық» ұйытқы болып келетін мақал-мәтелдер де аз емес. Мысалы: *Жақсы атаның аруағы қырық жыл сүйрейді; Бір күн ашыққаннан қырық күн ақыл сұрама; Бір күн ұрыстың қырық күндік қырсығы бар; Қыз қырық жанды келеді; Қырық жыл байлық бар, қырық жыл тарлық бар; Қырық жыл қырғын болса да, ажалы жоқ өлмейді; Қызға қырық жігіт сөйлеседі, бірі алады; Қырық жыл жатқан қылыштың қынабындық құны жоқ; Қырық атан ұстама, қырық тамыр ұста; Қырық жылғы пышақ қыл кесуге жарайды; Қырық жылда бай мен кедей теңесер; Қырық кәрі жілік тағылған малды ұры алмайды; Қырық күн аштық, қырық күн тоқтық жоқ; Қырық күн байлық, қырық күн жарлылық жоқ; Қырық кісі – бір жақ, қырық кісі – бір жақ; Қырық қатын толғатса, бір еркектің белі ауырмайды; Қырсық қырық*

ағайынды; Қырық сиыр бұзауласа, бір өгіздің несі кетеді; Қырыққа жеткенше өлім артыңда жүреді, қырықтан соң алдыңнан күтеді; Қырыққа келсе де, ырыққа келмеген; Қырықта – қылаң, елуде – елес; Қырықтан артық жас жоқ, қымыздан артық ас жоқ; Қатыннан жаман қас жоқ, ұйқыдан жаман нас жоқ; Арыстанда бір кісінің күші бар, қырық кісінің жүрегі бар; Жолбарыста бір кісінің жүрегі бар, қырық кісінің күші бар; Бір кісі таққа отырса – қырық кісі атқа қонар; Бір есек қырық түйені жетелеп, жолдан шығарып әкетеді; Қырықтың бірі – қыдыр, мыңның бірі – уәлі т.б. Бұл мақал-мәтелдердің көбінде «қырық» сөзі нақты бір санды емес, көптік мағынаны білдіреді.

Ономастикалық атауларда да бұл кездеседі: *Қырық рулы ел* – бүкіл халық, күллі жұрт; *Қырыққұдық* – Қазақстанның бірнеше өңірінде кездесетін елді мекен атауы; *Қырықкез* – Оңтүстік Қазақстанда кездесетін жер атауы; *Қырықоба* – көне обалар орналасқан тарихи орын атауы; *Қырықтал* – жер атауы; *Қырықжылғалы* – шығыс немесе оңтүстік өңірлерде кездесетін жер атауы; *Қырықмешіт* – көне қалашық атауы; *Қырықкүй* – көшпенділер мекеніне қатысты тарихи атау немесе жер атауы; *Қырықмылтық* – Кіші жүз құрамындағы ру атауы т.б.

Ертегілер мен жыр-дастандардан, жұмбақтардан да көреміз: «Қырымның қырық батыры», «Қырық уәзір», «Қырық шілтен», «Тазшаның қырық өтірігі», «Қырық қыз», «Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс», «қырыққабат» т.б.

М. Томанов: «Қырық сан есімнің этимологиясы да айқын емес. Алайда түркі халықтарында, солардың бірі қазақ халқында қырық сөзі діни тотемдік ұғымдармен байланысты айтылатыны белгілі. Өлген кісінің артынан қырық күннен соң еске түсіру – «қырық беру» немесе фольклорлық нұсқаларда кездесетін «қырық күн, қырық түн» тәрізді қолданыстар сондай ұғымнан туса керек. Академик Гордлевский қырық және төрт сөздерінің арасында ешқандай ұқсастық жоқ екенін айта келіп, қырық о баста жалпы көп, мөлшерсіз көп ұғымын берген болу керек. Қырық сөзінің соңғы «қ» элементі сондай көптік ұғымының көрсеткіші болуы мүмкін деген жорамал жасайды» (Томанов, 1988: 203). Бұл жерде Томанов өзінің академик Гордлевскийдің көзқарасына қосылатынын не қосылмайтынын ашып айтпаған.

Гордлевскийдің «қырық» о баста жалпы көп, мөлшерсіз көп ұғымын беріп, төртпен қатыссыз, ал «қырық» сөзінің соңғы дыбысы «қ» көптік мағына беріп отырған болар деген пікірімен келісуге болмайды. Көптік мағына беріп отырған «қ» дыбысы емес. «Қырық» санының көптік мағына алып, киелі саналуына «төрт» санының тікелей қатысы бар. Және бұл осыған қоса «он» санымен де байланысты.

Алғашқы арифметикалық есептерді шығаруға септігін тигізген он саусақ және басқа заттар екені анықталған. Рамстедтің сандар саусаққа қатысты шыққан деген тұжырымы, әсіресе бес сан есімінің этимологиясын білекпен байланыстыруы сол тұста ғалымдар тарапынан жоғары бағаланып, осы бағытта ізденістер жүргізілді. Тілімізде «саны аз, санаулы, мардымсыз» деудің орнына «саусақпен санарлықтай» дейді; істің жөнін жетік білемін деудің орнына «бес саусақтай білемін», «он саусағындай біледі» деп айтатын үрдіс бар. Мұның бәрі ертедегі саусақпен сан санаудың тілде қалған ізі.

Бабаларымыз, ең алдымен, бір қолындағы бес саусақты санап шығарып, одан соң оған екінші қолындағы бес саусақты қосып, саусақ саны – онды (10) тапқан. «Он» бір мезетте санаудың ең жоғарғы шегі болған. Ертеректе түркі тілдерінде «мүш» – он деген ұғымды білдірген. Түркі тілдерінде «атмүш» (алпыс) – алты он, «йәтмүш» (жетпіс) – жеті он. «Мүшел жыл» дегендегі «мүшел» – «мүш + ел (жыл)» – он жыл деген сөз. Мүшел кейінгі кезде ғана басқа мәдениеттің әсерінен он екіге телінген. Оған қазақ тіліндегі он екі жыл жануарларының қазақша аталып, екеуінің (лу/лұң – ұлу және мешін) қытай тілінен енген нұсқада қолданылуы дәлел бола алады: 龍 (lóng) – «аждаһар», 眉猩 (méi xīng) – маймылдың бір түрі. Қытай деректерінде ғұндарда «аждаһар қаласы», «аждаһар жылы» дегеннің болғаны да айтылады (ЖТҚҚД, 1998).

О. Сүлейменов осыдан 6 мың жыл бұрынғы шумер тіліндегі 10 (у/он) мен кейінгі ата түркі заманындағы 10 (ун/он) сандарының дыбысталуы сәйкес келеді дейді (Сүлейменов, 1992: 229). Түркі тілдерінде ғана емес, алтай тілдерінің бірсыпырасында да «он» сөзі осыған жуық дыбыстық формада кездеседі. Көне манжур тілінде хон (гүр хон – үш он, яғни отыз; дүр хон – төрт он, яғни қырық), көне моңғол тілінде де «он» сөзі хон деп дыбысталады (额尔敦巴根, 2021).

Мұндай кең таралу, сiнiстi болу – сөздiң байырғылығының дәлелi болса керек.

«Он» сөзi түркi халықтарының тiлiнде көп, қалың, шексiз, кемел, толық, мәңгiлiк деген мәндерде, мезгiл-мекеннiң шегi, санның ең көбi ретiнде «қырық» саны көптiк ұғымын бiлдiретiн сан болып қалыптасқанға дейiн халық санасында орныққанын тарихи жазба ескерткiштер тiлiнен, ондағы этноним атауларынан да байқауға болады. Мысалы: *Он оқ бодун* (бодун – ел, халық, қауым, тайпа) – Батыс Түрiк қағанатындағы негiзгi этникалық-саяси ұйытқы болған тайпалар одағының көне түркi тiлiндегi атауы. 603 жылы Түрiк қағанаты Батыс және Шығыс болып екiге айырылды. Батыс Түрiк қағанатының орталығы Шу өзенi бойындағы Суяб қаласы болды, жазғы ордасы Мыңбұлақта орналасты. Ол Жамбыл облысында Қаратаудың шығыс баурайынан Жоңғарияға дейiнгi жердi алып жатты. Батыс Түрiк қағанаты «Он оқ бодун» (он оқ жұрты) атанды. Яғни «он оқ» сөзi өз кезiнде бүтiн бiр елдiң атына айналған. Орхон бiтiктастарында «Он оқ бұдұны», «Он оқ жұрты» деп жазылған. Шындығында қағанат құрамындағы ру-тайпалардың саны оннан әлдеқайда көп болған. Бұл жерде «он» саны көптiк мағынада қолданылып тұрғаны байқалады.

Он оғұз (on oghuz), Оғыздар (ежелгi түркiше – оғуз; қазақша – оғыз) – орта ғасырларда Орталық Азияда өмiр сүрген түркi тiлдес тайпалар одағының атауы. Он оғыз дегендегi «он» сөзi қалың, көп, барлық деген мағынада жұмсалғанын аңғартады. Шын мәнiнде он оғыз елiндегi тайпалар саны оннан көп болған. Махмұд Қашғари «Диуани лұғат-ат түрк» еңбегiнде XI ғасырда оғыздар 22 тайпа болды деп, олардың тiзiмiн бередi (Қашқари, 1997). Тарихта «тоғыз оғыз», «сегiз оғыз» этнонимдерi де кездеседi. Мұндағы «тоғыз» санының да ертеде көп, қалың, күштi, шексiз, барлық деген мәнде жұмсалғанын ескерген жөн. «Сегiз» санының да шартарап, барлық деген мағынасы бар. Қазақы дүниетанымда шексiз аспанды тоғыз қабат аспан десе, жердiң терендiгiн де тоғыз қабат дейдi. Тоғыз айып, тоғыз сый дәстүрi бар. Тiлiмiзде тоғыз саққа жүгiрту – сөзбұйдаға салу, әртүрлi айту, өтiрiк айту; тоғыз қабат торқа – қат-қабат асыл киiм; тоғыз тұрып, тоқсан толғанды (тоғыз толғанып, тоқсан ойланды) – жан-жақты қарастырды, көп ойланды; тоғыз қатынның толғағы қатар келу – бар жұмыс қатар келу, жұмысбасты болу, қарбалас болу; тоғыз жолдың торабы – көп жолдың қиылысқан жерi т.б. қолданыстар жоғарыда айтылғанды дәлелдейдi.

Он сан алаш. Қазақ тiлiнде ертеректе бүкiл қазақ, бүкiл қазақ рулары дегендi он сан алаш деп қолданғаны белгiлi. «Алаш» аты ертеде жалпы қазақ қауымының ұраны болған; қазақтың байырғы шежiрелерiнде «Алаш» сөзi «Қазақ» атауының синонимi ретiнде қолданылған. Қазақ шежiресiнде *алты алаш* сөзi кейде *алты сан алаш* деп те айтылады.

Он ұйғыр. «Ұйғыр» этнонимi «үю, бiрiгу, ынтымақтасу» деген мағына берген. Бұл термин Елетмiш Бiлге қағанның үшiншi ескерткiшiне ойып жазылған. Ұйғыр қағанаты (745–844) дәуiрiне тән көне түркi жазуындағы ескерткiште: «*anta qalmyşu bodun on ujur toquz oğuz üze üz jül olurmuş ...*» (ол жерде қалған халық – он ұйғыр, тоғыз оғыз үстiнде жүз жыл отырып...) деген жолдар кездеседi. VIII ғ. Орхон даласында мемлекет құрған ұйғырлар бүгiнгi көптеген түркi халықтарының ұлт болып қалыптасуына негiз болған (Зәкенұлы, 2009).

Он сан оймауыт. «Ер Тарғын» жырында: «Олар Олалай, Бұлалай деген ханның он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт деген елдерi едi» деген жолдар бар. Мұндағы «он сан оймауыт», «тоғыз сан торғауыт» – жоғарыда айтқандай, Едiл-Жайық бойына ауып келген қалмақ руларының атауы. Әбiлғазы баһадүр «Түрiк шежiресiнде» Оймауыт туралы: «Оймауыт елi Моңғол Нүкүз ұрпақтарынан тараған... Барша Оймауыт елi – осы кiсiнiң нәсiлiнен» деп жазады. Оймауыт руының о баста жан саны көп болған, жаугершiлiк соғыстарда моңғол, қазақ, қарақалпақ т.б. халықтар құрамына сiңiп кеткен.

Он сан ноғай. Күллi ноғай, қалың ноғай деген мағынада. Бұл – Алтын Орданың ыдырауымен пайда болған Ноғай Ордасының халқын құраған түркi-моңғол тектi тайпалардың ортақ атауы. Қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, қарақалпақ, түрiкмен т.б. түркi халықтарының тегiн құрайтын тайпалар осы Ноғай Ордасында бiрiгiп, «ноғайлы» деп аталған. Қазақ шежiресi мен ауыз әдебиетiнде «ноғайлы» этнонимi «он сан ноғай» түрiнде де ұшырасады: «Орманбет би өлгенде, он сан ноғай айырылды...» деген жыр жолдары бар.

Он сан қазақ. «Он сан қазақ тiзгiнi, Ер Абылай төремде» (Бұқар жырау). Бұл жерде қалың

қазақ, яки бүкіл қазақ деген мағынада айтылғаны түсінікті.

Он сан орта жүз. Бүкіл Орта жүз, саны көп Орта жүз рулары деген мағынада. Тілдік қолданыста он сан орта жүз деген бар да, ал он сан Ұлы жүз, он сан Кіші жүз деп айтылмайды. Мұның мәнісі Орта жүз руларының саны көптігімен байланысты болса керек.

Түркі халықтары «он оқ бодун», «он оғыз», «он ұйғыр», «он сан оймауыт», «он сан ноғай», «он сан алаш», «он сан халық», «он сан найман», «он сан орта жүз», «он сан қазақ» т.б. үлгілер арқылы «ондық халық моделін» бертінге дейін тұрақты қолданғанын жоғарыдағы мысалдардан байқауға болады. Бұған қоса 3, 4, 6, 7, 8, 9, 12, 40 сияқты сан есімдер топонимдер мен этнонимдердің құрамында келіп, анықтауыш ретінде тұрақты тіркес компонентін құратынын, қосымша мағыналық реңк беретінін, поэтикалық-тілдік бірлікке айналғанын көрсететін мысалдар көп. Шетелдік және отандық тарихшылар этнонимдердің алдына келетін үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, он екі, қырық т.б. сандарды нақты сан деп түсініп, ру-тайпа санын дәл солай қабылдап жүргені де сондықтан.

Қазақ мақал-мәтелдерінде де «он» санының көптік мағынада жұмсалғанын байқауға болады. Мысалы: *Он аққуға бір басшы; Он баланы бір әке асырайды, бір әкені он бала асырай алмайды; Он болса да, орны болсын; Он жыл іздеген жоқты бір күн табасың. Он жыл шақпаған шөлмекті бір күн шағасың; Он итке талатқаниша, бір бөріге жегіз; Он кәсіпті шала білгенше, бір кәсіпті қанық біл; Он қожадан бір жалақышы жаман; Он пәленің тоғызы тілден; Он саусақ бірдей емес; Он саусақтың саны бірдей болғанымен, тұрқы бірдей емес; Он рет естігеннен бір рет көрген артық; Бір адамның жаққан оты он адамды жылытады* т.б.

«Он» саны ұйымталы болып келетін фразеологиялық тіркестер: *он саусағынан (қолынан, бармағынан) өнер тамған* – өте өнерлі, қолынан келмейтіні жоқ; *он ойланып, мың толғану* – көп ойлану, әрі-сәрі болу, бір байламға келе алмау; *он салса бір баспайды* – ауыр қимылдайды, жұмысқа бейімі жоқ, жатыпшыер жалқау; *он саусағындай біледі* – жақсы біледі, толық біледі, бәрін біледі т.б.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында «төрт», «он», «қырық» сандарының тек сандық мәнді ғана білдірмей, кеңістік, уақыт, тұтастық, толықтық, көптік және кемелдік ұғымдарын жинақтаған мәдени-семантикалық категория ретінде қалыптасқанын көрсетеді. Әсіресе «төрт» саны дүниенің төрт бағытына негізделген көне кеңістік моделінің тілдік көрінісі болып табылады. Бұл модель халық санасында тұрақтылық, тұтастық, әлемнің құрылымы және үйлесім ұғымдарымен сабақтасып, көптеген фразеологиялық бірліктер мен дәстүрлі түсініктердің қалыптасуына негіз болған.

«Он» саны ежелгі санау тәжірибесінде ең жоғарғы шек ретінде орнығып, саусақпен санауға байланысты әмбебап өлшем қызметін атқарған. Түркі халықтарының тарихи жазба ескерткіштеріндегі этнонимдер мен қоғамдық атаулар құрамында «он» сөзінің қалың, көп, барлық деген жалпылама мәнде қолданылуы оның сандық шектен мәдени-әлеуметтік ұғымға айналғанын дәлелдейді.

Ал «қырық» санының киелі әрі көптік мағынада қалыптасуы төрттік кеңістік дүниетанымы мен ондық санау жүйесінің өзара тоғысуымен байланысты екені айқындалды. Дүниені төрт бұрыш деп таныған көне түркілердің түсінігі бойынша, әр бағыттағы мөлшердің ең жоғарғы шегі – он, ал төрт бағыттағы жиынтық мөлшер – төрт он, яғни «қырық» болып қабылданған. Сондықтан «қырық» сөзі бастапқыда нақты сандық мәннен гөрі, *көп, толық, бүтін, мінсіз, кемел, шексіз, мәңгілік* деген мағыналарды білдіретін символдық-мәдени ұғым ретінде қалыптасқан. Бұл мағына кейін фразеологияда, мақал-мәтелдерде, салт-дәстүрлерде, мифологиялық түсініктерде, этнонимдер мен топонимдерде кеңінен сақталған.

Осылайша, киелі сандар халықтың тарихи тәжірибесі мен дүниені тану үлгісін бейнелейтін ерекше тілдік код ретінде қызмет атқарады. Олар ұлттық мәдени жадты, әлеуметтік қатынастарды, моральдық құндылықтарды және космологиялық түсініктерді сақтайтын этномәдени ақпарат тасымалдаушы болып табылады. «Төрт», «он», «қырық» сандарына ерекше қасиет беру дәстүрі ежелгі ғұндар мен көне түркілер дәуірінен басталып, қазіргі қазақ мәдениетінде де үздіксіз жалғасып келе жатқан құбылыс екені анықталды.

Зерттеу нәтижелері киелі сандардың сандық категориядан әлдеқайда кең, когнитивтік-мәдени мәнге ие екенін, олардың тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған рухани мұраның маңызды құрамдас бөлігі екенін көрсетеді. Бұл тұжырымдар қазақ тіл біліміндегі этнолингвистика, лингвомәдениеттану бағыттарын дамытуға, сондай-ақ ұлттық тілдік деректерді жүйелеу мен «Қазақ тілінің ұлттық корпусын» мазмұндық тұрғыдан толықтыруға ғылыми негіз бола алады.

Әдебиеттер

- ЖТҚҚД: Жуңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. – 1-том. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 1998.
- Зәкенұлы Т. Біріккен түркі қағанаты және «ұйғыр» этнонимі. – Журнал: Вестник КАСУ. – №4. – 2009. <https://www.vestnik-kafu.info/journal/20/838/>.
- Кеңесбаев І. Жеті, үш, тоғыз, қырықпен байланысты ұғымдар // Қазақ ССР ҒА хабарлары. Филология сериясы. №4/26/. – Алматы, 1946. – 3-14-бб.
- Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
- Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 б. (<https://on.kz/shezhire/sezire-oimauyt-ren-bogezil-ruy-56854/>).
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі [Мәтін] : энциклопедия; ғыл. ред. Н. Әлімбаев; мәтінд. дайынд. Ж. Бабақұлы. – Алматы: Әлем. Даму. Интеграция, 2017.
- Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). – Алматы: Сардар, 2013. – 867 б.
- Қайдаров Ә. және басқалар. Түр-түстердің тілдегі көріністері. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 158 б.
- Қашқари М. Диуани Лұғат ат-Түрк. – Алматы: Хант, 1997.
- Құмарұлы Я. Қазақтың шежіре мәдениеті. – Үрімжі: Шынжаң халық баспасы, 2014. – 133-169-бб.
- Қыраубаева А. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 б.
- Марғұлан Ә. Х. Шығармалары. / Ә. Х. Марғұлан. 3-том. – Алматы: Алатау, 2007. – 488 б.
- Султанов А.Т. О терминах Ак Орда, Көк Орда и Иуз Орда. // Известия АН Каз ССР. Серия общ. наук, 1972. – Вып. 3. – С. 71-74.
- Сүлейменов О. АЗ и Я. – Алматы: Еңбек, 1992. – 229 б.
- Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – Т. 1. Извлечения из сочинений арабских. – СПб., 1884. – 563 с.
- Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 200 б.
- Ысқақов М. Ғылым және соқыр сенімдер. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 171 б.
- 额尔敦巴根:满蒙语数词的比较 (http://www.360doc.com/content/21/0424/00/31873237_973837770.shtml)

References

- 额尔敦巴根:满蒙语数词的比较 [Erdun, Bagan: Comparison of Manchu and Mongolian Numerals (<http://www.360doc.com/content/21/0424/00/31873237973837770.shtml>)] (in Chinese)
- Kengesbaev, I. (1946) Zheti, ush, togyz, qyryqpen bajlanysty ugymdar. QazSSR GA Habarlary, filol. serijasy. №4. Almaty. 3-14-bb. [Kenesbayev, I. (1946) Concepts related to seven, three, nine and forty. Reports of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Philology series. No.4. Almaty. Pp. 3-14.] (in Kazakh)
- Kengesbaev, I. (2007) Frazelogijalyq sozdik. Almaty: Arys. 800 b. [Kenesbayev, I. (2007) Phraseological dictionary. Almaty: Arys. 800 p.] (in Kazakh)
- Margulan, A.H. (2007) Shygarmalary. 3-tom. Almaty: Alatau. 488 b. [Margulan, A.Kh. (2007) Works. Vol. 3. Almaty: Alatau. 488 p.] (in Kazakh)
- Qajdar, A. (2013) Qazaqtar ana tili aleminde (jetnolingvistikalıyq sozdik). Almaty: Sardar. 867 b. [Kaidar, A. (2013) Kazakhs in the world of their native language (ethnolinguistic dictionary). Almaty: Sardar. 867 p.] (in Kazakh)
- Qajdarov, A. zhane basqalar (1992) Tur-tusterding tildegi korinisteri. Almaty: Ana tili. 158 b. [Kaidarov, A. et al. (1992) Species-manifestations of colors in the language. Almaty: Ana tili. 158 p.] (in Kazakh)
- Qashqari, M. (1997) Diuani Lugat at-Turk. Almaty: Hant [Kashkari, M. (1997) Diuani Lugat at-Turk. Almaty: Hant] (in Kazakh)
- Qazaqtıng jetnografıjalyq kategorıjalar, ugymdar men ataularynyng dasturli zhujesi (2017) 1-5 t.: jenciklopedija: gyl. red. Alimbaj N.; matind. dajyndagan Zh. Babakuly. Almaty: Alem. Damu. Integracija. [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names (2017) 1-5 Technical Sciences. Ed. Alimbai N.; text. prepare. Zh. Babakuly. Almaty: Alem. Damu. Integratsiya.] (in Kazakh)
- Qumaruly, Ja. (2014) Qazaqtıng shezhire madenieti. Urimzhi: Shynzhang halyq baspasy. 133-169-bb. [Kumaruly, Ya. (2014) Kazakh genealogical culture. Urumqi: Zincan Halyk publishing house. Pp. 133-169.] (in Kazakh)
- Qyraubaeva, A. (1991) Ezhelgi dauir adebieti. Almaty: Ana tili. 280 b. [Kyraubaeva, A. (1991) Literature of antiquity. Almaty. 280 p.] (in Kazakh)
- Sulejmenov, O. (1992) AZiJa. Almaty: Engbek. 229 b. [Suleimenov, O. (1992) Asia. Almaty: Enbek. 229 p.] (in Kazakh)

Sultanov, A.T. (1972) O terminah Ak Orda, Kok Orda i Juz Orda. Izvestija AN Kaz SSR. Serija obshh. nauk. Vyp. 3. S. 71-74. [Sultanov, A.T. (1972) About the terms Ak Orda, Kok Orda and Yuz Orda. News SA Kaz SSR. Series overall. Science. Iss. 3. Pp. 71-74.] (in Russian)

Tizengauzen, V.G. (1884) Sbornik materialov, odnosjashhihsja k istorii Zolotoj Ordy. T. 1. Izvlechenija iz sochinenij arabskih. SPb. 563 s. [Tizenhausen, V.G. (1884) A collection of materials related to the history of the Golden Horde. Vol. 1. Extracts from Arabic writings. SPb. 563 p.] (in Russian)

Tomanov, M. (1988) Qazaq tilining tarihi grammatikasy. Almaty: Mektep. 200 b. [Tomanov, M. (1988) Historical grammar of the Kazakh language. Almaty: Mektep. 200 p.] (in Kazakh)

Ysqaqov, M. (1965) Gylym zhane soqyr senimder. Almaty: Qazaqstan. 171 b. [Iskakov, M. (1965) Science and blind beliefs. Almaty: Kazakhstan. 171 p.] (in Kazakh)

Zakenuly, T. (2009) Birikken turki qaganaty zhane «ujgyr» jetnonimi. Zhurnal: Vestnik KASU. No.4. [Zakenuly, T. (2009) United Turkic kaganate and ethnonym “Uyghur”. Journal: Herald KASU. No.4. <https://www.vestnik-kafu.info/journal/20/838/>] (in Kazakh)

Zhalajyr, Qadyrgali (1997) Shezhireler zhinagy. Almaty: Qazaqstan. 128 b. [Zhalajyr, Qadyrgali (1997) In the collection of Chronicles. Almaty: Kazakhstan. 128 p. (<https://on.kz/shezhire/sezire-oimauyt-pen-bogezil-ruy-56854>) (in Kazakh)

ZhTQQD: Zhungo tarihnamalaryndagy qazaqqa qatysty derekter. (1998) 1-tom. Bejzhing: Ulttar baspasy. [DKHD: Data on the Kazakhs in the Historiography of Dzhungo. (1998) Vol. 1. Beizhing: Nations publishing house.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 05.09.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 26.02.2026.

© Ғабитханұлы Қ., Рысберген Қ.Қ., Бүркітбаева Г.Ж., 2026

